

- Оқыту мәдениетінің функциялылығы педагогтердің де, оқушылардың да адамгершілік-әдептілік біліктілігін қалыптастыруға бағытталады. Оқыту мәдениетінің рухани – адамгершілік негіздерін қалыптастырудың функциялық мәнділігі мынаған бағдарланған:

- білім беру үрдісі субъектілерінің тұлғааралық қатынастарының рухани өрлеу тұрғысынан жаңарту;

- оқу әрекетінің психологиялық-педагогикалық қана емес, адамгершілік негіздерін де анықтау;

Тәрбиедегі басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: “Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезімен өткеннің тағдыры мен талаптарын, объективті факторлар ретінде ұсынып, сол арқылы ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған бай тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата-аналарының рухани мұрасын игере түсуі керек” екені айтылған [4].

Елдің жарқын болашағы білімді жастардың қолында. Осы тұрғыда ұстаздарға қойылатын талап та жоғарылады. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, алған білімін шынайы өмірмен ұштастырып, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбеленуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, иманды, мәдени – ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – ұстаздардың қоғам алдындағы борышы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар.// Егемен Қазақстан газеті. 26 сәуір, 2017.
2. ҚР білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы. www.government.kz// 27 қыркүйек, 2013.
3. Кабажаев Е.Е. Рухани жаңғыру білім мен біліктің дамуы. <https://ust.kz/> 15 қараша, 2017.
4. Дармағамбетова Б. Б. «Қазақ отбасындағы адамгершілік – рухани тәрбиенің маңыздылығы». <https://bilimger.kz/> 10 қазан, 2017.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МҰРАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Омарова Айгүл Алиакбаровна
Ишманова Майра Жумағалиевна
Мусина Гулнур Алтайевна
Акмағамбетова Лязат Аманболғановна
қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімдері,
№22 ОМ, Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. Мақалада жас ұрпақтың рухани құндылықтары мен басымдықтарын қалыптастыру туралы мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты міндетін қалыптастыру жолдары туралы айтылады.

Аннотация

Актуальность. Цель. В статье рассматриваются проблемы формирования духовных и приоритетных ценностей молодого поколения. А также говорится о формировании главных задач современной системы образования.

Abstract

Relevance.Goal.The article deals with the problems of formation of spiritual and priority values of the younger generation. It also talks about the formation of the main tasks of the modern education system.

Түйінді сөздер: ұлттық құндылықтар, жеке тұлға, ұлттық тәрбие

Ключевые слова: национальные ценности, личность, национальное воспитание.

Keywords: national value, personality, national education

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, тілін, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу- өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Жоғарыда көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтау керек. Білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Қазіргі еліміздің рухани жаңғыру мәселесіне ерекше мән беріліп жатқаны белгілі. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарияланғалы бері ел мен жер үшін, туған тіл мен салт-дәстүр, өзге де маңызды құндылықтар үшін жасалып жатқан игілікті шаралар аз емес. Рухани жаңғыру дегенде біз тілдік жаңғыру да ой-зердемізден өткізіп, оның басты бағыттарына мән бере қарау қажеттілігі да туындайтыны анық. Елбасы бағдарламалық мақаласында өркендеуіміз үшін болатын темірқазық мәселелерді ортаға салды. Қазақ халқының негізгі рухани құндылықтары тілі арқылы қалыптасып дамыды. Тіл ұлт жүрегінің бір бөлшегі. Тілді қасиет деп түсінбейінше, оның алдындағы қызметте айтарлықтай салмақ та болмайды. Қазір әлемде «жаһандану үдерісі» қарқынды жүріп жатқаны белгілі. Бұл әрбір халықтың ұлттық мәдениетіне, оның мазмұнына айтарлықтай кері ықпал етеді. Ал тіл туралы айтар болсақ, жаһандану-ұлт тіліне де қауіп төндіреді. Демек, мұндайда біз өз тілімізді он есе, жүз есе қорғауға күш салуымыз керек.

Қазақ халқының тұңғыш педагог-ағартушысы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Ыбырай Алтынсарин өзінің еңбектерін ана тілінде жазып, «бала тәрбиесі оның табиғи ортасы мен халқының салт-дәстүрі рухында тағлым болса, оның сана-сезімінің дамып, жетілуі-де ұлты мен халқына қызмет ететін көкірегі ояу, тұлға болып өседі» деп ой қорытындылаған.

Ана тілі-халықтың өткен ұрпағын, қазіргі және келешек ұрпағын біріктіретін ең сенімді құрал. Ана тілі- әрбір ұлттың ұлы мақтанышы, көзінің қарашығындай көретін қазынасы, асыл мұрасы, ел егемендігінің көрінісі. Тіл - ұлттық мұра, дүниетаным құралы. Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты, сондықтан біз оны қастерлеп құрметтеуіміз керек. Жас жеткіншектер бойына халқының қадір қасиетін сіңіріп, өз ана

тілін жетік меңгеріп, ұшқыр да шешен сөйлеуге баулымыз керек. Ана тіліміздің байлығына, икемділігіне, орамын тауып, қисынын келтіріп пайдалансаң, тұп-тура бал таматынына ешкімнің күмәні болмайды. Елбасымыз Н. Назарбаев өз жолдауында «Ұлттық тіл- қазақ ұлтының рухани, мәдени байлығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші қасиетті құрал» деп баса көрсетті. Тілсіз ой болу мүмкін емес. Халқымыз өз ойларын дана сөздер арқылы ұрпақтарына мұра етіп қалдырды. Біздің парызымыз- ата-бабаларымыздан қалған асыл мұраны көздің қарашығындай сақтап, өзімізден кейінгі ұрпаққа тапсыру.

Ұстаздардың жұмысы қиын, жауапты, өте күрделі. Адам тәрбиелеу, ұрпақ өсіру-ең жауапты мәселе. Сол себепті балаларға сүйіспеншілікпен қарап, барлық күш-жігерін салмаса, оны талапқа сай орындау қиын. Қазіргі оқушылардың ақыл-ойының дамуын зерттеу, т.б. мәліметтерді әр кезде біліп отыру, тестік әдісті қолдану мектептерде орын алды. Оқушылардың ұлттық құндылықтары мен жалпы адамзаттық қасиеттерін сыныптан тыс тәрбиелік іс-шаралар арқылы қалыптастырып, ғылыми тұрғыда дәлелдеп дамытуға тиіспіз.

Заманның талабы- қоғамның әлеуметтік сұранысының негізі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Бүгінгі таңда білім саласының алдында жүйеленіп, дайындалып берген білімді, дағдыларды меңгеретін, шығармашылық бағытты жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленген жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Жас ұрпақ қоғамның болашақ қайраткері, еліміздің тірегі. Кемел келешектің кілті өсіп келе жатқан ұрпақ қолында. «Адамға ең алдымен бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы, келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- деген болатын әл-Фараби бабамыз.

Отанын, елін сүйуге дейін, бала ең бірінші өзін сыйлау, туыстарына, бабаларының игі дәстүріне сүйіспеншілікпен қарауы керек. «Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде болғаны үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз», – деп Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, біздің алдымызда «бабаларының игі дәстүрін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі, сыйлы өз елінің отансүйгіштері» болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеттері тұр. Отаншылдық сезім - ұлт рухының деңгейінің өлшемі деуге болады. «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген дана халқымыз. Сол себепті, сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеу міндет.

Әйгілі орыс халқының педагогы Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» деп айтқан.

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші болып табылады. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. қасиеттер. Адамгершілік - ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы деп санаймыз.

Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Жас

ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен мектеп қызметкерлерінің бірден бір парызы.

Қазіргі кезеңде білім беруде мектеп табалдырығынан бастап ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады. Оқушылардың жалпы адамзаттық қасиеттері меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілдік, кеңпейілдік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектепшілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ораға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз “Ұстазы жақсының — ұстамы жақсы”, “Тәрбие басы – тал бесік” деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке кетпейтіндей өсиет еткен. Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, “Ұстазға қарап шәкірт өсер” деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Ұстаз үшін өз еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ.

Әрхалықтың тарихи өмірінде ең құнды дүниелері – рухани және адамгершілік қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізі ғасырлар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен моральдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы аса зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Тәрбие ісі – мемлекеттік іс. Өйткені бүгінгі дұрыс тәрбие – болашақтағы жақсы елдікті танытар азаматтардың өсетінін танытады. Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Ұлттық сезім мен ұлттық намыс, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті. Қазақ елінің тарихын насихаттап, өскелең ұрпақты ұлтжанды етіп тәрбиелейтін, әрқашан мемлекеттік мүддені көздеп, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің мәңгі баянды болуын насихаттау жолында аянбай еңбек етіп, соған күш жұмсауымыз керек.

Бүгінгі өскелең ұрпақ мектептен білім мен тәрбиені қатар алып шығуы керек. Сонау замандардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен, ұлттық құндылықтарымен сусындату – ұстаздардың басты парызы деп санаймыз. Сабақ

барысында ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеу арқылы мұғалімдер ұлттық құндылықтарды қалыптастырады. Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Жас ұрпақты тәрбиелеуде құндылықтардың бірнеше бағыттары бар. Олар: білім беру құндылықтары, ұлттық құндылық, рухани құндылық, адамгершілік құндылық, мәдени құндылық болып жіктеледі. Өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі бар екендігі бізге анық. Ұстазалдындағы негізгі мақсат- ұлттық болмыс ұғымдары арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту, өз беттерімен пайымдау жасауға, терең ойландыруға ұмтылдыру.

Адамгершілік-тұлғаның адамгершілік сана-сезімін, іс-әрекетін қалыптастыратын, құндылық бағдарын айқындайтын құрал, адамгершілік қасиеттің ең жоғарғы түрі – ұлт, ар-намысты сақтау, елін сүю боп табылады. Салауаттылық ұғымы-қазақ халқының салт-дәстүрін, көнеден келе жатқан тілін, мәдениетін, өнерін, салт- дәстүрін жас ұрпаққа ұғындыру керек.

Мектепте оқытылатын әрбір пән жан-жақты тәрбиелік қасиетке ие екені күмәнсіз. Оқушы үшін мектепте оқылатын пәннің орны ерекше. Әр оқушы әрбір пәннің бастауынан нәр алып, келешек өміріне пайдалануға тиіс. Қазақ тіл ғылымының бастауы тіл табиғатын жан-жақты зерделеген ғылыми еңбектермен қатарласа қалыптасқан. Біз үнемі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ беру кезінде және сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастырған сәтте халық педагогикасының элементтерін үздіксіз пайдалана отырып өмір тәжірибесіне сай, өз ерекшеліктерімен қалыптасқан және ұлттық тәрбиенің негізін терең меңгерген оқушы тәрбиелеуге болады. Ұлттық құндылықтарымыздың байрағын биік ұстап, жас ұрпақты қасиетті халқымыздың тәлімгерлік үлгісімен тәрбиелеу-ең маңызды міндет. Сонда ғана болашағымыз айқын, құрылымымыз берік негізді болады. Алдымен ұлағатты ұрпақ өсіргіміз келсе, ата-салтын, ұлттық тәрбиемізді бірінші білім берумен қатар жүргізуіміз керек. Бұл басты мақсатқа жеткізудің негізгі жолы болмақ. Ол үшін ұрпағымызды оқыту мен тәрбиелеуде қашанда мектептегі басты тұлға ұстаз- жан-жақты дамыған адам болу керек. Қорыта айтсақ, еліміздің келешегі жарқын болып қалыптасуы үшін ұлттық құндылықты санасына терең меңгерген білімді, инабатты жас ұрпақты тәрбиелей отырып, қол жеткізсек бұл ұстаздар қауымы үшін үлкен жетістік болары айдан анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Төлебаев Д. Тек- тамырымыздан қол үзбейміз десек. // Ана тілі №47 2017 ж. 1-2 б.
2. Отарбаев Б. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру жұмысын ұйымдастыру жолдары // Тәрбие сағаты №4 2013ж. 38б.
3. Иманбаева Г. Оқушылардың азаматтық құндылықтарын өзін-өзі тану пәні негізінде қалыптастыру // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстары. № 12, 2017ж. 58б

РОЛЬ МУЗЕЯ БОЕВОЙ СЛАВЫ В ПАТРИОТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ ШКОЛЬНИКОВ

Палько Жанна Ерболатовна
руководитель музея Боевой славы
средней школы №4 г.Костаная

Аннотация

Басымдылықтың бір түрі мектептегі тәрбиелік жұмыс, азаматтық-патриоттық тәрбие болып саналады. Мектептің бағыттау ортасы осы Жауынгерлік даңқы мұражайы болып табылады. Жауынгерлік даңқы мұражайы Қостанай қаласындағы №4 орта мектеп бұл республикадағы жалғыз мектеп мұражайларындағы, көп жылдан бері жұмыс істеп келе